Ш Е Ш І М
ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ АТЫНАН

29 қыркүйек 2025 жыл іс №7119-25-00-2-10264 Астана қаласы

Астана қаласының мамандандырылған ауданаралық экономикалық сотының судьясы Н.С.Нурсапинов оңайлатылған (жазбаша) іс жүргізу тәртібімен азаматтық істі қарап

ТАЛАП ҚОЮШЫ:
Қазақстан Республикасы Ішкі Істер Министрлігі "Алатау" ШЖҚ РМК

ЖАУАПКЕР:
"NURLY – STROI" Жаксыкелдиев Махамбет Батырбайулы жеке кәсіпкер

ТАЛАП ҚОЮШЫНЫҢ ТАЛАБЫ:
Мемлекеттік сатып алудың жосықсыз қатысушысы ретінде тану және тұрақсыздық айыппұлды өндіру туралы

ҚАРАР БӨЛІГІ:
Қазақстан Республикасының Азаматтық процестік кодексінің 223-226 баптарын басшылыққа ала отырып, **сот**

ШЕШІМ ЕТТІ:

Қазақстан Республикасы Ішкі Істер Министрлігі "Алатау" ШЖҚ РМК жауапкер "NURLY – STROI" Жаксыкелдиев Махамбет Батырбайулы жеке кәсіпкерге мемлекеттік сатып алудың жосықсыз қатысушысы ретінде тану және тұрақсыздық айыппұлды өндіру туралы талап арызы қанағаттандырылсын.

Жеке кәсіпкер "NURLY – STROI" Жаксыкелдиев Махамбет Батырбайулы мемлекеттік сатып алудың жосықсыз қатысушысы ретінде танылсын.

ЖК "NURLY – STROI" Жаксыкелдиев Махамбет Батырбайулынан мемлекет пайдасына 104 400 (жүз төрт мың төрт жүз) теңге тұрақсыздық айыппұл және сот шығындары 3 132 (үш мың жүз отыз екі) теңге мемлекеттік баж өндірілсін.

Жауапкер оңайлатылған (жазбаша) іс жүргізу тәртібімен шешім шығарған сотқа сот шешімінің көшірмелерін алған күннен бастап бес жұмыс күні ішінде осы шешімнің күшін жою туралы арыз беруге құқылы. Арыз, егер жауапкер

талап қоюдың келіп түскені және оның оңайлатылған (жазбаша) іс жүргізу тәртібімен қаралатыны туралы тиісті түрде хабарландырылмаған және шешімнің мазмұнына әсер ете алатын пікірді, сондай-ақ дәлелдемелерді ұсына алмаған жағдайда беріледі.

Шешімге – осы шешімнің күшін жою туралы арыз беру мерзімі өткеннен кейін, ал егер арыз берілген жағдайда, сот осы арызды қанағаттандырудан бас тарту туралы ұйғарым шығарғаннан кейін бір ай мерзімде апелляциялық шағым берілуі, прокурор апелляциялық өтінішхат келтіруі мүмкін.

Судья **Н.С.Нурсапинов**

Көшірме дұрыс
Судья Н.С.Нурсапинов

Анықтама: Шешім заңды күшіне 04 қараша 2025 жылы енді.

Судья Н.С.Нурсапинов

Құжатқа қол қойылған: Нурсапинов Н. С., 29.09.2025

Заңды күшіне енген күні: 04.11.2025, Судья Кабидолдина С. С., 12.11.2025

7119-25-3-1/10209

ҰЙҒАРЫМ

2025 жылғы 20 қараша №7119-25-00-2/10264 Астана қаласы

Астана қаласының мамандандырылған ауданаралық экономикалық сотының судьясы Қабидолдина С.С. талап қоюшы Қазақстан Республикасы Ішкі Істер Министрлігінің шаруашылық жүргізу құқығындағы «Алатау» республикалық мемлекеттік кәсіпорнының жауапкер жеке кәсіпкер-«NURLY – STROI» Жаксыкелдиев Махамбет Батырбайулын мемлекеттік сатып алудың жосықсыз қатысушысы ретінде тану және тұрақсыздық айыппұлды өндіру туралы электрондық азаматтық іс бойынша талапкер өкілінің 2025 жылғы 29 қыркүйектегі сот шешімінде жіберілген қателікті түзету туралы арызын қарап,

АНЫҚТАҒАНЫ:

Астана қаласының мамандандырылған ауданаралық экономикалық сотының 2025 жылғы 29 қыркүйектегі сот шешімімен Қазақстан Республикасы Ішкі Істер Министрлігінің шаруашылық жүргізу құқығындағы «Алатау» республикалық мемлекеттік кәсіпорнының жауапкер жеке кәсіпкер «NURLY – STROI» Жаксыкелдиев Махамбет Батырбайулын мемлекеттік сатып алудың жосықсыз қатысушысы ретінде тану және тұрақсыздық айыппұлды өндіру туралы талап арызы қанағаттандырылған.

Жеке кәсіпкер «NURLY – STROI» Жаксыкелдиев Махамбет Батырбайулы мемлекеттік сатып алудың жосықсыз қатысушысы ретінде танылып,жауапкерден мемлекет пайдасына 104 400 (жүз төрт мың төрт жүз) теңге тұрақсыздық айыппұл және сот шығындары 3 132 (үш мың жүз отыз екі) теңге мемлекеттік баж өндірілген.

Қазақстан Республикасының Азаматтық процестік кодексінің (ары қарай – АПК) 235-бабының, 2-бөлігіне сәйкес, сот өз бастамасы бойынша немесе іске қатысатын адамдардың арызы бойынша шешімде жіберілген қате жазуларды және анық арифметикалық қателерді түзете алады. Сот шешімдегі қате жазуларды және анық арифметикалық қателерді түзету туралы арызды сотқа арыз келіп түскен күннен бастап он жұмыс күні ішінде қарайды. Іске қатысатын адамдар арыздың келіп түскені туралы дереу хабарландырылады және олардың сотқа пікір ұсынуға құқығы бар. Сот шешімдегі қате жазуларды және анық арифметикалық қателерді түзету туралы арызды өз қалауы бойынша, іске қатысатын адамдарды шақырмастан қарауға не сот отырысын тағайындауға құқылы. Бұл ретте сот отырысының уақыты мен орны туралы тиісті түрде хабарландырылған іске қатысатын адамдардың келмеуі арызды қарауға кедергі болып табылмайды.

Сот шешіміндегі жіберілген қателік: жауапкерден өндірілген 104 400 (жүз төрт мың төрт жүз) теңге тұрақсыздық айыппұл және сот шығындары 3 132 (үш мың жүз отыз екі) теңге мемлекет пайдасына емес талап қоюшы Қазақстан Республикасы Ішкі Істер Министрлігінің

Құжатқа қол қойылған: Қабидолдина С. С., 20.11.2025

шаруашылық жүргізу құқығындағы «Алатау» республикалық мемлекеттік кәсіпорны мекемесінің пайдасына өндірілуге жататындықтан аталған қатені түзету қажет деп санайды.

АПК-нің 235-бабын басшылыққа алып,

ҰЙҒАРЫМ ЕТТІ:

Астана қаласының мамандандырылған ауданаралық экономикалық сотының 2025 жылғы 29 қыркүйектегі Қазақстан Республикасы Ішкі Істер Министрлігінің шаруашылық жүргізу құқығындағы «Алатау» республикалық мемлекеттік кәсіпорнының жауапкер жеке кәсіпкер «NURLY – STROI» Жаксыкелдиев Махамбет Батырбайулын мемлекеттік сатып алудың жосықсыз қатысушысы ретінде тану және тұрақсыздық айыппұлды өндіру туралы сот шешіміндегі жіберілген қателік түзетілсін.

Сот шешімінің қарар бөлігінің 3 абзацы «Жеке кәсіпкер «NURLY – STROI» Жаксыкелдиев Махамбет Батырбайулынан Қазақстан Республикасы Ішкі Істер Министрлігінің шаруашылық жүргізу құқығындағы «Алатау» республикалық мемлекеттік кәсіпорны пайдасына 104 400 (жүз төрт мың төрт жүз) теңге тұрақсыздық айыппұл және сот шығындары 3 132 (үш мың жүз отыз екі) теңге мемлекеттік баж өндірілсін».

Жеке шағым, прокурордың өтінішхаты ұйғарым түпкілікті нысанда дайындалған күннен бастап он жұмыс күні ішінде Астана қаласының мамандандырылған ауданаралық экономикалық соты арқылы Астана қаласының азаматтық істер жөніндегі сот алқасына келтіруге болады.

Судья С.Кабидолдина

Көшірме дұрыс
Судья С.Кабидолдина

Анықтама: Ұйғарым заңды күшіне 05 желтоқсан 2025 жылы енді.

Судья С.Кабидолдина

Құжатқа қол қойылған: Кабидолдина С. С., 20.11.2025